



Құрметті әріптестер, зауыт ардагерлері!

Сіздерді ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз – тек күнтізбенің жаңа парағы емес, бұл – табиғаттың түлеуі, үміт пен сенімнің салтанат құруы, өткенге құрметпен қарап, болашаққа нық сеніммен қадам басатын, ағайынның арасын жақындататын ұлы мереке. Бұл күні табиғат қана түлеп қоймай, адамның жан дүниесі де ізгілікке, мейірімге толып, жақсылыққа ұмтылады. Осынау шуақты мереке біздің ортақ шаңырағымыз – зауытымызға да жаңа серпің, тың жоспарлар мен береке ала келсін.

Біздің зауыттың әрбір жетістігі, әрбір өндірістік көрсеткіші сіздердің қажырлы еңбектеріңіз бен кәсіби біліктіліктеріңіздің жемісі. Ынтымағы жарасқан ұжым үшін Наурыз – еңбектегі берекенің, өндірістегі өрлеудің және ортақ жетістіктердің бастауы. Біз бірлігі жарасқан үлкен ұжым ретінде кез келген қиындықты еңсеріп, алға қойған межелерге бірге жетіп келеміз.

Осынау айтулы мерекеде баршаңызға мықты денсаулық пен сарқылмас қуат, отбасыларыңызға бақ-береке, ырыс, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін! Әрбір шаңырақта шаттық орнап, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын.

Ұлыс оң, ақ мол болсын!

«АМӨЗ» ЖШС
Бас директоры

Қуаныш БИШИМОВ

Уважаемые коллеги, ветераны завода!

От всей души поздравляю вас с великим праздником – Наурыз мейрамы!

Наурыз – это не просто новая страница календаря. Это время пробуждения природы, торжества надежды и созидания. Этот праздник объединяет поколения и призывает к согласию, заставляя нас с почтением оглянуться на прошлое и с уверенностью смотреть в будущее. В эти весенние дни обновляется не только природа, но и наши помыслы, наполняясь добротой и милосердием. Пусть этот светлый праздник принесет нашему заводу процветание.

Каждое достижение нашего предприятия, каждый производственный показатель – это результат вашего самоотверженного труда и высокого профессионализма. Для нашего сплоченного коллектива Наурыз символизирует начало новых успехов и общего роста. Как одна большая семья, мы вместе достигнем всех поставленных целей.

В этот замечательный праздник желаю всем вам крепкого здоровья и неиссякаемой энергии! Пусть в каждом доме царит радость, а наш народ живет в мире и спокойствии!

Генеральный директор
ТОО «АНПЗ»

Қуаныш БИШИМОВ

На УЗК проводятся
плановые работы



Уақытқа бағынбаған
алып құрылғы

На УЗК проводятся плановые работы

На ТОО «АНПЗ» с 11 марта начались планово-предупредительные работы на установке замедленного коксования.

Технологические мероприятия, рассчитанные ориентировочно на десять дней, предусматривают проведение паровыжигания продуктового змеевика печи. Данная процедура выполняется в рамках регламентной очистки внутренних поверхностей трубопроводов от коксовых отложений в соответствии с требованиями национального стандарта СТ РК 3517-2020. Подобные работы ежегодно включаются в график планово-предупредительных работ нефтеперерабатывающих заводов, утверждаемый Министерством энергетики Республики Казахстан.

В ходе эксплуатации установки из-за воздействия высоких температур в змеевике печи постепенно образуются коксовые отложения, возникающие вследствие частично протекающих реакций термического крекинга. Для их удаления применяется паровоздушная очистка – обязательная технологическая процедура, позволяющая поддерживать надежность оборудования и предотвращать возникновение внештатных ситуаций.

Проведение плановых работ на установке замедленного коксования не повлияет на выполнение производственного плана АНПЗ.



МЕРЕКЕ

АРУЛАРҒА ҚҰРМЕТ, ЕҢБЕККЕ МАРАПАТ

6 наурыз күні «Атырау мұнай өңдеу зауытында» 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты іс-шаралар жоғары деңгейде атап өтілді. Бұл күн зауыттың нәзік жандылары үшін нағыз мерекелік тартуға айналды.

Мерекелік көңіл-күй таңмен зауыттың кіре берісінен басталды. Кәсіпорынның ер азаматтары әйелдер қауымын әсем әуенмен және жайнаған гүл шоқтарымен қарсы алып, әрбір аруға жылы лебіздерін білдіріп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Мерекелік бағдарлама аясында ұйымдастырылған салтанатты жиында Бас директор **Қуаныш Бишімов** әйелдер қауымын мерекемен құттықтап, жылы тілегін жолдады. Ол өз сөзінде нәзік жандыларға зауыттың өркендеуіне қосып жатқан ерен еңбегі мен кәсібилігі үшін шынайы алғысын білдірді.

Салтанатты шара барысында еңбекте үздік шыққан қызметкерлерге мемлекеттік, салалық және зауыттық марапаттар табысталды. Атырау облысы әкімінің Алғыс хаты Күрделі құрылыс департаментінің техникалық құжаттама жөніндегі маманы **Ақмарал Алтыбай** мен «Орталық зауыт зертханасы» сынақ орталығының химиялық талдау зертханашысы **Жанар Ихсанғалиеваға** табысталды. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Естелік белгісімен «Орталық зауыт зертханасы» сынақ орталығының химиялық талдау зертханашысы **Үміт Сахыпкереева** марапатталды. Ал Құрмет грамотасы Мұнай өнімдерін өндіру және тасымалдау өндірісінің тауар операторы **Гүлнар Есенғалиеваға** және Жылу және электр энергиясы өндірісінің ауа-компрессорлық қондырғы операторы **Оксана Марининаға**, «Орталық зауыт зертханасы» сынақ орталығының бастығы **Гүлнара Сарсенғалиеваға** берілді.

Ұлттық компания атынан Алғыс хатқа ие болғандар тізімінде Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу



департаментінің еңбекті ұйымдастыру және еңбекке ақы төлеу бөлімінің бастығы **Дамира Қосымбаева**, техникалық бөлімнің ғылыми-техникалық ақпарат жөніндегі инженері **Елена Шульга**, «Орталық зауыт зертханасы» сынақ орталығы бастығының бірінші орынбасары **Азиза Дюсешева** және Жылу және электр энергиясы өндірісінің химиялық жолмен суды тазарту аппаратшысы **Гүлнара Абулхаированың** есімдері аталды.

Атырау қаласы әкімінің Алғыс хатына Мұнай өнімдерін құю өндірісінің технологиялық қондырғы операторы **Ұлмекен Қондыбаева**, Өнім өндіруді және өткізуді есепке алу жөніндегі жетекші есепші **Гаухар Абдрахманова**, БӨАЖА цехының слесарі **Инна Баракова**, Өндірістік активтердің ЖТҚЖ басқару жөніндегі департаменті инженері **Виктория Богданова**, Маркетинг және жүк тасымалдары департаментінің мұнай сатып алуды ұйымдастыру

жөніндегі маманы **Жайнагүл Мурзалиева**, Экономика және қаржы департаментінің экономисті **Айдана Ожаева**, сондай-ақ Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер **Аида Базарбаева** ие болды.

Салалық және кәсіподақ марапаты аясында «Мұнай-газ-химия саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» медалі Жылу және электр энергиясы өндірісінің технологиялық сорғылар машинисі **Күнсұлу Умралиева** және Жөндеу-механикалық

цехының қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жөніндегі инженері **Любовь Кокореваға** ұсынылды. Ал салалық кәсіподақтың Құрмет грамотасымен Жылу және электр энергиясы өндірісінің жылу беру пунктін операторы **Ханшайым Өтеген** мен **Айдана Хамидолла**, «АМӨЗ» ЖШС Кәсіподақ ұйымының Алғыс хатымен «Орталық зауыт зертханасы» сынақ орталығының ауысым химигі **Іңкәр Аленова** және Қоймалық шаруашылық бөлімінің есеп жүргізу жөніндегі технигі **Айнаш Жұмабаева** марапатталды.

Мерекелік кеш концерттік бағдарламаға ұласты. Сахна төрінде «Adagio» квартеті, саксофоншы Мәди Мәдениетов және зауыт мақтаншылары – операторлар Құдайберген Мұхтарұлы мен Бекзат Базаров өн шырқады. Райымбек Каденнің орындауындағы туындылар мен «Elegant show» ұжымының вальсі кештің шырайын аша түсті.

Зауыт басшылығының шешімімен мерекеге орай барлық әйел қауымы үшін 6 наурыз жарты күндік жұмыс күні болып жарияланды. Бұл аруларға көктем мерекесін жақындарының ортасында ертерек бастауға мүмкіндік берген тамаша сый болды.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Есеп-қисаптың білгірі

Зауыт тарихы – ондағы адамдардың тағдыры. Кейде бір маманның өмір жолы тұтас кәсіпорынның даму кезеңдерін баяндап береді. Ол зауытқа 19 жасында, қолына алғашқы дипломын алып, үлкен өмірге деген шексіз құлшыныспен келді. Содан бері 34 жыл өтті. Бүгінде Салтанат ТЫНЫШБЕКҚЫЗЫ – зауыттың қаржылық тыныштығын күзетіп отырған тәжірибелі маман, Бас есепшінің міндетін атқарушы. Біз онымен сандар әлеміне қалай келгені және отбасылық бақыттың сыры туралы сұхбаттастық.

ШОТТАН БАСТАЛҒАН БАЛА АРМАН ЖӘНЕ ЗАУЫТТАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАР

Салтанат Абдиеваның есепші мамандығына келуі – тағдырдың жазуы мен бала күнгі қызығушылықтың жемісі. Құрсай ауылында, 10 балалы үлкен отбасында тәрбиеленген ол еңбекке ерте араласты. Әкесі қарапайым жүргізуші, анасы консерві зауытында жұмысшы болған шаңырақта Салтанат әжесінің ерекше еркесі, «қыздардың ішіндегі тәуірі» болып өсті. Оның мамандық таңдауына 6-сыныпта оқып жүргенде, сол кездегі Атырау балық мекемесінде мастер болып істейтін апасының жұмысы әсер еткен. Апасы үйге көлемді қағаздарын арқалап әкеліп, ай соңында есеп тапсыратын. Ол кезде калькулятор деген атымен жоқ, барлық есеп кәдімгі шотпен шығарылатын. Кішкентай Салтанат апасының қасында отырып, сол шотты қалай қағуды, цифрларды тізбектеуді үйреніп, көмектесе бастайды. Осылайша, 8-сыныптан кейін нақты мақсатпен техникумға түсіп, 19 жасар бойжеткен 1992 жылы алып зауыттың табалдырығын аттайды. Материалдық есепші болып басталған алғашқы күндер оңай болған жоқ.

– Зауытқа келгенде орта жастағы мамандар көп еді және көбі орыс тілді болатын. Қорқыныш болды, әрине. Десе де, өз мамандығым деген сүйіспеншілігім мені алға сүйреді, – деп еске алады кейіпкеріміз.

34 жылға жуық уақыт ішінде ол қарапайым маманнан Бас есепшінің бірінші орынбасары деңгейіне дейін абыроймен көтерілді.

«ЖЕТІГЕННІң ЖЕТІ ІШЕГІНДЕЙ»

Әріптестері Салтанат Тынышбекқызы туралы «сандар оны жақсы көреді» деседі. Расында да, сырт көзге жәй көрінетін цифрлардың артында алып кәсіпорынның бүкіл тыныс-тіршілігі жатыр.

Кейіпкеріміз өз бөлімінің жұмысын музыкалық аспаппен теңестіруді сұрағанда, ерекше талғаммен жетігенді таңдады.

– Жетігеннің жеті ішегі жеті түрлі дыбыс шығарып, бір үйлесім табатыны сияқты, біздің бөлім де зауыттың әр саласының сырын біледі. Біз тек сандармен ғана емес, бүкіл зауытпен жұмыс істейміз. Мұнайдың келуі мен кетуі, дайын өнім, салық, жаңа қондырғылар мен әр қызметкердің еңбекақысы бәрі біздің қолдан өтеді. Біз тек есепші емес, өндірісті де, маркетингі де, сатып алуды да меңгерген жан-жақты маманбыз, – дейді ол мақтанышпен.

Жұмыс барысында заңдар мен жүйелердің үнемі жаңаруы, салық кодексіне өзгерістер қиындық тудырмай қоймайды. Алайда Салтанат Абдиева мен оның командасы сандар бағынбай кеткен сәттерде де қателікті түзетпейінше тыным таппайды.

– Түнімен жұмыс істесек те, қаазадан бас алмай отырсақ та, бізге артылған міндетті соңына дейін қатесіз жеткізуге тырысамыз. Біз өз мамандығымызды сүйіп таңдаған жандармыз, сондықтан кез келген қиындықты жеңе білеміз, – дейді кейіпкеріміз.



ОТБАСЫ ЖЫЛУЫ, СПОРТ ЖӘНЕ ҰРПАҚ САБАҚТАСТЫҒЫ

Салтанат Тынышбекқызының жүзінен күлкі, жүрегінен жылулық үзілмейтінінің басты сыры – оның өмірге деген шексіз махаббатында. Жауапты әрі стрессті жұмыстан кейін ол күш-қуатты өз шаңырағынан, ас үйінен және белсенді өмір салтынан табады. Оның ең сүйікті ісі – өз отбасына дәмді тағамдар дайындап, жақындарына мейірім сыйлау. Сонымен қатар, кейіпкеріміздің спортқа да жаны өте жақын. Әсіресе, волейбол ойынын ерекше жақсы көреді және бұл спорт түрі бойынша бірнеше айтулы жетістіктері бар. Спорт алаңындағы ширақтық пен командалық рух оның жұмыстағы жинақылығына да оң әсерін тигізетіндей.

– Шаршағанымды басып, қайта энергия жинауға көмектесетін хоббиім осы. Мен кез келген істі, мейлі ол жұмыс болсын,

мейлі тойға бару немесе спорт болсын, үлкен сүйіспеншілікпен жасаймын. Ешқашан міндетсінбеймін, тек жаным қалаған соң істеймін, – дейді ол.

Бүгінде Салтанат Абдиева – 5 баланың аяулы анасы, немере-жиендерінің асыл әжесі. Оның мамандыққа деген адалдығы бүгінде ұрпақ сабақтастығына ұласқан. Ұлы жақында ғана өз қалауымен есепші мамандығын таңдап, оқуға түскен. Бұл – ана үшін үлкен мақтаныш. Сұхбат барысында ол ұлының 8 наурызға жасаған ерекше сыйлығын көрсетті. Анасына арнап журнал шығарған ұлы оған: «Өмір нұсқаулықпен келмейді, ол анамен келеді» деп жазған екен. Осы бір ауыз сөз кейіпкеріміздің бүкіл болмысын ашып тұрғандай.

АДАМГЕРШІЛІК – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Көп жылдық тәжірибесі бар маман әріптестерімен қарым-қатынаста адамгершілікті бәрінен биік қояды. Оның айтуынша, басшы болу – айқайлау немесе қаталдық көрсету емес, керісінше, әр қызметкердің жағдайын түсіне білу. Сондықтан да болар, зауыт қызметкерлері оған тек жұмыспен емес, жеке ақыл-кеңес сұрап та жиі келеді.

– Басшы екенмін деп айқайлау міндетті емес. Мен үшін адамгершілік пен қаталдықтың үйлесімі маңызды. Көмек сұрап келген жанның қолын да, көңілін де қайтармауға тырысамын, – дейді ол.

Жас мамандарға айтар ақыл-кеңесі де салмақты: «Ізденістен қашпаңыздар. Мен де кезінде тәжірибелі мамандарға қызыға қарайтынмын. Солардай болсам деген мақсат мені бүгінгі күнге жеткізді».

Салтанат Абдиева үшін зауыт – үлкен кеме, ал өзі сол кемелің қазынасын сақтаушы. Сол қазына – зауыттың байлығы ғана емес, ондағы адамдардың еңбегі мен абыройы. Кейіпкеріміздің басты мақсаты да – осы өмірден абыроймен өтіп, артындағы ұрпаққа өнегелі жол қалдыру.

ҚҰРЫЛҒЫЛАР ҚҰПИЯСЫ

Уақытқа бағынбаған алып құрылғы

Зауыттың Жөндеу-механикалық цехы (ЖМЦ) – кәсіпорынның жүрегі іспетті. Мұнда кез келген темірге жан бітіп, зауыттың үздіксіз жұмысына қажетті бөлшектер дайындалады. ЖМЦ құрамындағы үш ірі бөлімнің бірі – Токарлық цех. Бүгін біз осы цехтың тыныс-тіршілігімен танысып, ондағы құрылғылардың сырына үңілдік.


Токарлық цехта барлығы 35 құрылғы бар. Олардың арасында фрезерлік, сүргілеуші, қашау станоктары мен заманауи тегістеуіштер тізіліп тұр. Ең қызығы, мұндағы барлық 35 құрылғы да сапта, бәрі де іске қосулы.

Цех ішіндегі ең соңғы жаңалық – 2025 жылы келген жаңа бекіткіш шеге станогы мен металл бетін тегістеуші құрылғы. Алайда, заманауи технологиялардың қасында сабырмен, айбынмен тұрған бір алып бар. Ол – 1945 жылы орнатылған америкалық «BETTS» компаниясының карусельді станогы.

Бұл карусельді станоктың құжат бойынша шыққан жылы – 1943. Зауытқа Жеңіс жылы әкелініп, содан бері 80 жыл бойы тоқтаусыз қызмет етіп келеді. Ол – цехтағы ең ірі құрылғы. Онда диаметрі 3000 мм-ге дейінгі металдарды өңдеуге болады. Басты міндеті – алып фланецтерді жонып, қашап, жұмыс күйіне келтіру.

Токарлық топтың басшысы Гамзат АҚСЕРІКОВТЫҢ айтуынша, бұл станоктың «мінезі» өте берік:

– Сегіз онжылдық ішінде бұл құрылғының механикалық бөліктері бірде-бір рет ауыстырылмаған. Тіпті үлкен жөндеуді де көрмейті. Ең ұзақ дегенде 1-2 күнге ғана электрикалық ақауларға байланысты тоқтауы мүмкін. Шаңын сүртіп, майлап жіберсең, бұрынғыша гүлдеп жұмыс істей береді. Бұл сол кездегі сапаның, нағыз қуаттылықтың белгісі, – дейді ол мақтанышпен.




Цехта бұл алып құрылғымен 2025 жылғы станок та қатар тұр. «Ескі мен жаңаның айырмашылығы неде?» деген сұрағымызға Гамзат мырза былай деп жауап берді:

«Айырмашылық жер мен көктей. Жаңа станок компьютермен басқарылады. Көлемі мен уақытын енгізсеңіз болды, адамның қатысуынсыз-ақ істі бітіреді. Ал ескі құрылғыларға міндетті түрде адамның күші, көз мөлшері мен ақылы керек. Олардың сапасы өте жоғары, 80 жыл бойы алағашқы бөлшектерімен жұмыс істеп тұруы да соның дәлелі».

Бір қызығы, 45-ші жылғы карусельді станокпен кез келген шебер тіл табыса алады екен. Ол «талғампаз» емес, барлық маманға бағынады.

Әңгіме соңында біз Гамзат Ақсеріковке ерекше екі сұрақ қойған едік.



– Егер осы станоктар сөйлей алса, зауыт туралы не айтар еді?

– Олар: «Біз зауыттың тарихын, әрбір тонна өнімнің қалай қиындықпен келгенін көзімізбен көрдік. Біз – осы зауыттың берік іргетасымыз. Біз тоқтасақ, зауыттың да тынысы тарылады. Сондықтан бізге қалай күтім жасасаңыздар, біз де сіздерге солай адал қызмет етеміз», – дер еді.

– Кейбіреулер бұл құрылғыларды «жай ғана темір-терсек қой» десе не дер едіңіз?

– Бұл – жай темір емес, бұл – шебердің қолы тиген, зауыттың жаны. Біз үшін әрбір станок – тірі ағза. Біз оның дыбысынан-ақ қай жері ауырып тұрғанын, қай жеріне май жетпей жатқанын сеземіз. Сондықтан бұл темірлер біздің нанымсыз, мақтанышымыз және тарихымыз.

ЖМЦ тек токарлық цехтан тұрмайды. Мұнда бекіткіш шегелерді жөндеу және қазандық-дөнекерлеу цехтары да бар. Бұл үш бөлім бір ағзадай тығыз байланысты. Кез келген бөлшек алдымен зерттеліп, содан кейін ғана тиісті цехқа жіберіледі. Егер жөндеуге келмесе, шеберлер дәл сол үлгімен жаңасын жасап шығарады.

– Зауытта жоспарлы алдын алу жұмыстары басталғанда біздің жұмыс 2-3 есеге артады. Кейде үлгермей жататын кездеріміз де болады. Бірақ сондай сәттерде уақытпен санаспай, ауысымға қарамай, бәріміз бір кісідей жұмыламыз. Өйткені бізге артылған міндет – зауыттың қауіпсіздігі мен тұрақтылығы, – деп тұйындады сөзін Гамзат Ақсеріков.

Бұл – Токарлық цехтың тек бір күндік тынысы. Алдағы сандарда біз ЖМЦ-ның өзге де бөлімдері мен ондағы ерен еңбек иелері туралы баяндайтын боламыз.

АМӨЗ-дегі ең жас бөлімнің тынысы

Зауыт десе көз алдымызға алып қондырғылар мен көпжылдық тәжірибесі бар ардагер мамандар келері анық. Алайда, Атырау мұнай өңдеу зауытының ішінде өзіндік драйвы бар, идеяға бай және орташа жасы небәрі 27,5 жасты құрайтын ең жас саналатын бөлім бар. Ол – Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі.

Бұл шағын ғана төрт адамнан тұратын ұжым: бөлім басшысы **Анель Шайкамалова** (35 жас), жетекші мамандар **Ислам Әжімқұлов** (27 жас), **Карина Кинжеева** (24 жас) және **Ахат Қайыргелдинов** (24 жас). Бөлімнің жетекші маманы Ахат Қайыргелдиновтің айтуынша, шағын әрі жас ұжымда жұмыс істеудің басты артықшылығы – жылдамдық пен еркіндік.

– Бізде ұзын-сонар бюрократия жоқ. Кез келген идеяны тез талқылап, шешім қабылдап, іске кірісіп кетеміз. Бәріміз бір толқындамыз, бір-бірімізді тез түсінеміз. Мен өзімді зумерлер буынына жатқызамын. Біз тез өзгеретін әлемде өстік, сондықтан жаңа тәсілдерді іздеу мен бейімделу біз үшін үйреншікті жағдай, – дейді Ахат.

Бұл бөлімде тәртіп пен шабыт тепе-теңдік тапқан. Ахат үшін жұмыс бұл тоқтаусыз даму:

– Күн сайын жаңа міндеттер шығады. Соны шешу арқылы кәсіби тұрғыда өсіп жатқаныңды сезіну – ең үлкен мотивация, – дейді ол.

Бөлім басшысы **Анель Шай-**



камалова жастармен тіл табысуда еш қиындық көрмейтінін айтады. Оның айтуынша, зауыт үлкен бір отбасы.

– Менің қызметкерлерім өте ашық әрі көпшіл. Әрине, кейде зумерлер өз арасында мемдермен немесе заманауи сөздермен сөйлескенде, менің оларға ілесе алмай қалатын кездерім болады. Трендтерден қалып бара жатқандымды сонда сеземін, – деп күледі Анель.

Бөлім ішінде әркімнің өз ерекшелігі бар. Анель мен Ахат – идеялардың генераторы іспетті. Ахаттың креативті ойлау қабілеті өте жоғары, ол тіпті бұрын киім дизайнері де болған. Анель оған жейдеге тапсырыс беріп қойғанын және тапсырысы өз ойындағысынан да асып түсетініне сенімді екенін жасырмады. Ислам – ұжымның ең тәртіпті, сенімді серігі. «Онымен барлауға қорықпай баруға болады», – дейді басшысы. Ка-

рина – ұжымның шуағындай. Кез келген жеке мәселені бөлісуге болатын, ақкөңіл жан.

Егер бұл бөлім зауыт ішіндегі жеке стартап болса, олардың ұраны: «Идея, тәртіп және командалық рух» болар еді. Олар өндіріске жаңашылдық әкелуден қорықпайды. Процестерді автоматтандыру, цифрлық құралдарды қолдану – бұл жас команданың басты бағыты.

Анель Шайкамалова жастарды өндірістен қорықпауға шақырады:

– Өндіріс бұл тек ауыр жұмыс емес, бұл заманауи технологиялар мен үлкен мүмкіндіктер алаңы. Бөліміңізге қандай ерекше қабілетті қосар едің деп сұраса ойланбастан «мәселені ол туындамай тұрып болжау» деп айтар едім. Себебі бұл біздің салаға тікелей қатысты, – деп атап өтті ол.

Бес жылдан кейін бұл команда зауыттың ең мықты сарапшылар тобына айналуы мақсат етіп отыр. Жастық жалын мен кәсіби жауапкершілікті ұштастырған бұл ұжым АМӨЗ-дің болашағы сенімді қолда екенін дәлелдеп келеді.

ВОПРОСЫ-ОТВЕТЫ
Будет ли в ближайшее время рассмотрена возможность предоставления работникам ссуд на приобретение жилья и улучшение жилищных условий? (ПННГО)

В связи с отсутствием средств в бюджете жилищная программа на АНПЗ приостановлена с 2021 года.

Можно ли включить родителей супруга/супруги в перечень близких родственников? (ПАУ)

В соответствии с законодательством Республики Казахстан родители супруга/супруги не относятся к категории близких родственников.

Планируется ли увеличение социальной материальной помощи при оплате детских садов, фитнес-центров, а также при подготовке детей работников завода к школе? (ПННГО)

В соответствии с Правилами оказания социальной поддержки работникам ТОО «Атырауский нефтеперерабатывающий завод» размер социальной материальной помощи при оплате детских садов, фитнес-центров, а также при подготовке детей к школе устанавливается в пределах средств, предусмотренных бюджетом на эти цели.

Отдел управления персоналом

СҰРАҚ-ЖАУАП

Жақын арада жұмысшыларға тұрғын үй сатып алуға және тұрғын үй жағдайын жақсартуға несие беру мүмкіндігі қарастырыла ма? (МӨТК өндірісі)

Бюджетте қаражаттың болмауына байланысты АМӨЗ-дегі тұрғын үй бағдарламасы 2021 жылдан бастап тоқтатылды.

Жұбайының/зайыбының ата-анасын жақын туыстар тізіміне қосуға бола ма? (Хoш иісті көмірсутектер өндірісі)

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, жұбайының/зайыбының ата-анасы жақын туыстар санатына жатпайды.

Балабақша, фитнес-орталықтар ақысын төлеу кезінде, сондай-ақ зауыт жұмысшыларының балаларын мектепке дайындау кезінде берілетін әлеуметтік материалдық көмек көлемін арттыру жоспарлануда ма? (МӨТК өндірісі)

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларына сәйкес, балабақшалар мен фитнес-орталықтардың ақысын төлеу, сондай-ақ балаларды мектепке дайындау кезіндегі әлеуметтік материалдық көмектің мөлшері осы мақсаттарға бюджетте қарастырылған қаражат шегінде белгіленеді.

Қызметкерлерді басқару бөлімі

ЭКСПОНАТ С ИСТОРИЕЙ

Пожарный гидрант начала XX века
Одним из самых заметных новых экспонатов обновленного заводского музея стал пожарный гидрант начала XX века. Он изготовлен в 1902 году в США, штат Нью-Джерси, что подтверждают литые обозначения на корпусе – «N.J.» и дата патента «PAT. FEB. 25».



Гидрант выполнен из толсто-стенного чугуна и относится к классическим образцам инженерных решений своего времени. Подобные изделия использовались на крупных промышленных объектах и отличались высокой надёжностью.

По предположениям специалистов, гидрант мог поступить на нефтеперерабатывающий завод в послевоенные годы. В 2023 году он был обнаружен при демонтаже инженерных сетей, восстановлен и передан в музейную коллекцию как редкий исторический артефакт.

Сегодня экспонат хранится исключительно в музейной экспозиции и является одним из самых старых элементов системы пожарной безопасности, найденных на промышленных площадках Казахстана.

ИСТОРИЯ ЗАВОДА

Когда фотографии говорят

Обновлённый музей АНПЗ периодически принимает особых гостей – ветеранов предприятия. После юбилейных торжеств, прошедших в сентябре, они решили вернуться сюда, чтобы без спешки пройтись по залам, всмотреться в фотографии и ещё раз прожить свою заводскую историю.



Гости признавались, что в годы работы редко бывали здесь, потому что всегда нужно было быть на своих рабочих местах, в цехах, на установках, на сменах, а во время празднования 80-летия завода времени внимательно рассмотреть экспозицию не хватало. Так и родилась идея собраться снова.

В музей гости пришли не одиночке – собрались те, кто давно хотел побывать здесь, увидеть обновлённую экспозицию, пообщаться, в большей массе – бывшие работники ЦЗЛ, но и не только. Встреча получилась тёплой, живой, наполненной воспоминаниями.

Гидом по музею для своих бывших коллег выступила ветеран завода с 40-летним стажем **Надежда Александровна Силина**, которая после выхода на заслуженный

отдых не утратила интереса к родному предприятию, а продолжила беречь и сохранять историю АНПЗ. Она вдохнула в музейное пространство новую жизнь, нашла современные решения обустройства зала с использованием интерактивных киосков, монитора и кинопроектора, и результат ее труда радовал нас с 2018 до прошлогоднего обновления заводского музея.

Особое внимание гостей привлекли фотографии. Каждый вглядывался в лица на старых снимках, листал альбомы цехов, находил знакомых, наставников, руководителей.

Татьяну Феклистову до слёз растрогал снимок, на котором она увидела свою маму – совсем юную сотрудницу завода. Эти мгновения стали для многих самым сильным впечатлением визита.

Ветераны вспоминали коллег, рассказывали истории о работе с опытными производственниками Фаридом Гумеровым, Николаем Михайчевым, Садуакасом Мералиевым, который лично проводил техническое обучение для персонала. Говорили о руководителях, их требовательности, заботе о людях и умении воспитывать профессионалов.

«Завод – это жизнь и судьба, – звучало в разговорах. – Каждый из нас прожил здесь большую часть своей жизни, поэтому мы по-настоящему гордимся тем, что работали на АНПЗ и были частью его истории».

После экскурсии общение продолжилось и по дороге домой. В автобусе ветераны делились впечатлениями, вспоминали свои заводские годы, обсуждали увиденное. Самым радостным для всех стало то, что они снова собрались вместе, вспомнили и почувствовали себя частью большого общего прошлого.

– Пока мы работали, были внутри завода, а сейчас – вне его, – говорила **Гуляра Утегалеева**. – Но мы продолжаем следить за жизнью родного предприятия, переживать за него. Мы желаем заводу стабильности и развития.

Её поддержала **Гульбарша Шандиева**, добавив:

– И очень хочется, чтобы к столетию завода мы все снова собрались.